

Мектепшілік бақылау нәтижелері бойынша

«Қош бол, ұстаз, алтын ұя мектебім!» тақырыбындағы аттестат тапсыру салтанатты іс-шарасына анықтама

Мерзімі: 15.06.2026ж

Тақырыбы: Қош бол, ұстаз, алтын ұя мектебім!»

Мақсат: Адамгершілік құндылықтары берік негізгі бар нәтижеге бағдарланған жан-жақты тұлға қалыптасуына бағыт-бағдар беру, туған жеріне, мектебіне, ұстаздарына, ата-аналарға деген сүйіспеншілік, ризашылық сезімін дамыту.

С.Сейфуллин атындағы №5 көпсалалы мектеп лицейінің 9-сыныптың 36 түлегі үшін мектеп алаңында «Қош бол, ұстаз, алтын ұя мектебім!» тақырыбында аттестат тапсыру салтанатты іс-шарасы өтті.

Мектебіміздің басшысы Искакова Орынбасар Сейтовна өз тілегін білдіріп, мектеп бітірген түлектерге аттестаттарын, мақтау грамоталарын берді. Түлектер өздері арнайы дайындаған би, ән, өлең жолдарын арнады. Өнерлерін көрсетті. Мектепке деген қимастық сезімдерін білдірді. Сынып жетекшілері: Мағжан Н.А. және Жамалиева Г.Е. түлектеріне ізгі тілектерін білдіріп, ақ жол тіледі. Және сөз кезегі ата-аналарға берілді.

Учаскелік полиция инспекторы полиция аға лейтенанты Бекишев Мурат Аскарулы мектеп түлектеріне қауіпсіздік іс-шаралары жөнінде және құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында алдын алу жұмыстары жүргізілді және ата-аналарына да мектеп бітіруші түлектердің кешінің өту ережесі таныстырылды. Кештің өтуіне байланысты, мектеп ұжымының ер азаматтары тарапынан кезекшілік құрылды. Аттестат табысталғаннан соң, оқушылар ата-аналарымен үйлеріне жіберілді.

Бақылау бойынша қорытынды: «Жас түлек-2026» тақырыбындағы аттестат тапсыру салтанатты іс-шарасы жоғары деңгейде өткізілді. Оқушылар мен ата-аналарға құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары: Джакенов Н.К.,
Насырова Б.А.